

ФИЛОЛОГИЯ сериясы
№ 1 / 2016
серия ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ



Ш. УӘЛИХАНОВ атындағы
КӨКШЕТАУ МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК
КОКШЕТАУСКОГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО
УНИВЕРСИТЕТА
имени Ш. УАЛИХАНОВА

ISSN 1608-2206

САЛЫСТЫРМАЛЫ ТІЛ БІЛІМІ

СОПОСТАВИТЕЛЬНОЕ ЯЗЫКОЗНАНИЕ

Джамбаева Ж.А., Мурзалинова С.К. Обрамляющие формулы русской и казахской волшебной сказки в сопоставительном аспекте	155
Assanova G.S., Alikulova A.T. Translation of english literary fairy tales and their significant features in contrast with kazakh tales	162
Baimanova L.S., Zhumabekova Sh. D. Foreign borrowings in the lexicology of the english language	167

ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРТАНУ

ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ И ФОЛЬКЛОРИСТИКА

Айсұлтанова Қ.Ә. Жыраулар поэзиясындағы ұлттық рух	172
Бөкен Г.С. Қазақ-поляк драмалық шығармаларындағы кейбір үндестіктер (С.Мрожек, С.Адамбеков пьесалары негізінде)	176
Дәрібайұлы С. Ақын-жыраулар поэзиясындағы мұсылман парыздары туралы тұжырымдар	182
Жанысбекова Э.Т. Қазақ жазушыларының шығармашылығындағы миф	189
Жанұзақова Қ.Т., Жаксыкулова Ж.М. Шығыс әдебиетіндегі жанрлық ерекшеліктер мен М.Жұмабаев поэзиясындағы дәстүр сабақтастығы	194
Жәмбек С.Н., Қадыров Ж.Т. Талжановтың шығармашылық белестері	200
Қазыбек Г.Қ. Фариза Оңғарсынова шығармалары орыс тілінде	205
Керімбекова Б.Д. «Заман» және «Уақыт» концептілерінің дәстүрлі қазақ мәдениеті мен әдебиетіндегі бейнеленуі	210
Мұсалы Л., Дәрібайұлы С. І. Жансүгіров туындыларының орыс тіліне аударылуы	219
Оспанова Г.Т. Ыбырай Алтынсариннің аудармаларын оқыту әдістемесі	223
Солтанаева Е.М. Шәкәрімнің «Ләйлі-Мәжнүн» шығармасының мәтіндеріне текстологиялық талдау	229
Толысбаева Ж.Ж. «Двадцать сонетов к Шокану Уалиханову» Рены Жумановой в контексте поэтической традиции Иосифа Бродского	233

- 17 Әуезов М. Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі. Таңдамалы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1997.
- 18 Омарұлы Б. Зар заман поэзиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2000 ж.
- 19 Мөңкеұлы М. Кітапта. Зар заман. Жыр-толғаулар. – Алматы, 1993.
- 20 Дулат. Замана сазы. – Алматы: Жазушы, 1991. – 160 б.
- 21 Орманбетұлы Н. Шығармалары. – Қарағанды: Болашақ, 1998. – 356 б.
- 22 Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. – Алматы: Ғылым, 1993. – 415 б.
- 23 Қамзабекұлы Д., Омарұлы Б., Шәріп А. Ұлттық әдебиет және дәстүрлі ментальдік. – Алматы: Арна, 2013ж. – 192 б.
- 24 Есім Ғарифолла. Адам-зат. Философиялық эсселер мен новеллалар, зерттеулер. – Астана: Фолиант, 2002. – 312 б.

В статье рассматриваются проблемы "Период (Заман)" и "Время (Уақыт)" в традиционном казахском культуры и литературы. А также определяются понятий "Қилы Заман", "Зар заман (трудные времена)", "Тар Заман", "Кер Заман", "Ақыр Заман (конец света)" и тд. Автор объясняет и анализирует понятия «Период» и «Время» на основе поэзии поэта и рассказчика. В этой статье понятие "Заман" широко объяснено в сочинениях «Зар Заман акындары».

*In kazakh literature definition and the view of notions "Kyly zaman (different times)", "Zar zaman (hard times)", "Tar zaman (tight times)", "Ker zaman", "Akyr zaman (end of the world)" are determined in the article named "The image of concepts "Period (Zaman)" and "Time (Uikit)" in traditional kazakh culture and literature". The author **explains** and analyzes the concepts "Period" and "Time" on the basis of poet's and storyteller's poetry. In this article the concept "zaman" is widely explained in the writings of "Zar zaman" stream's representatives.*

ӘОК 821.512.122.

Л. Мұсалы, С. Дәрібайұлы
әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті
Алматы, Қазақстан
mj_laila@mail.ru

І.ЖАНСҮГІРОВ ТУЫНДЫЛАРЫНЫҢ ОРЫС ТІЛІНЕ АУДАРЫЛУЫ

Бұл мақалада қазақ поэзиясының көрнекті өкілі Ілияс Жансүгіров өлеңдерінің орыс тіліне аударылу ерекшелігі сөз болады. Атап айтқанда, "Гималай", "Ағынды менің Ақсуым" өлеңдерінің орыс тіліндегі аудармаларына тоқталып, сапасына баға береді.

Түпнұсқа және тәржіма мәтіндерді қатар алып, мазмұндық тұрғыдан салыстырмалы талдау жасайды. Жалпы Ілияс ақынның өлеңдерінің орыс тіліне аударылу тарихына шолу жасап, тәржімашыларды атап кетеді. Ақын өлеңдерін орыс тіліне аударған белгілі аудармашылардың пікірлерін келтіреді. Осылайша, ақынның көркем аудармаға деген өз көзқарасын саралайды.

Тірек сөздер: көркем аударма, түпнұсқа, тәржіма мәтін, аударма сапасы

Қазақ көркем аудармасы өзіндік тарихы мен тәжірибесі бар өз алдына өнер түрі ретінде қалыптасты деп айта аламыз.

Әсіресе орыс тілінен қазақ тіліне аудару ісі жақсы дамып, жүйелі түрде жалғасты.

Шетел, орыс классикалық туындыларын қазақ тіліне аударумен қазақ қаламгерлері айналысты. Ал керісінше қазақ қаламгерлерінің туындыларының орыс тіліне аударылу тарихы мен тәжірибесі әлі терең зерттелмей келеді. Илиясты өзге ұлт тілдерінде таныта білу – аудармашының міндеті.

Ақынның әлем тілдеріне аударылған әдеби мұрасына баға беріп, ғылыми тұрғыдан саралау біздің зерттеуіміздің өзекті әрі ғылыми сұранысқа ие тақырыпқа арналғандығын байқатады. Бұған дейін Илияс шығармаларының орыс тіліне аударылуы әртүрлі деңгейде зерттелгенімен, оның ағылшын тілдеріндегі аудармасы салыстырмалы түрде жүйелі, арнайы зерттелген емес.

Жансүгіровтің шығармашылық мұрасын тұтастай алғанда да, жеке бір туындысын бөліп алып қарағанда да мазмұн мен мағынаның, мәннің байлығы мен тереңдігі ерекше байқалады. Олардың әрқайсысын тану, қабылдау оңай емес.

Сондықтан да аударма теориясындағы қабылдау, түсіну, пайымдау, бағалаулар мәтіндегі мәнді танудың бірден бір кепілі болғандықтан, негізгі мәнді танымай тұрып оны нақтылау, айқындау және интерпретациялау мүмкін еместігіне көз жеткіземіз.

Біз бұл шағын мақаламызда қазақтың біртуар ақыны І.Жансүгіровтің шығармаларының орыс тіліне аударылуы жөнінде сөз етпекпіз. Қазақ поэзиясын, әсіресе үздік өлеңдерді өзге тілде сөйлетіп, әлемге таныту, насихаттау, әрі бұл ол өлеңдердің аударылу сапасын зерттеу тұрғысынан алғанда болашақта мұндай ізденістердің өзектілігі даусыз.

Жалпы қазақ әдебиеті туындыларының орыс тіліне аударылуы жайлы айтар болсақ, саны бар болғанмен, сапасы көңілден шыға бермейтіні жасырын емес.

Қазақтың қаламгер аудармашыларының орасан зор еңбегімен орыс, батыс классикалық әдебиетінің көптеген шығармалары қазақ тілінде сөйледі, ал қазақ жазушылары туындыларының орыс тіліне аударылуы онша қарқынды болмады, әрі керемет сапалы болып шықпады деуге болады.

Бұл салада көбіне науқаншылдық басым болды, тапсырыспен, қысқа мерзім ішінде, әрі ақылы түрде орындалғандықтан, көбіне көп ұлттық колорит әлсіреп, кейде тіпті өрескел қателіктерге жол берілді. Қазақ ақын-жазушыларының орыс тілінен аударылған романдары мен повестері, әңгімелері мен өлеңдері, поэмалары жыл сайын ондаған баспа табақ көлемінде онмыңдаған тиражбен шығып жатады.

Қазақ әдебиетінің таңдаулы үлгілерінің өзінің аударылу сапасы жоғары деуге келмейді. Шындығында, күні бүгінге дейін Абай поэзиясы, Әуезов прозасының өзі орыс тілінде өзінің бар сапасында көріне алмай отыр. Бұл сөзді өз шығармалары мен туған әдебиетінің өркендеуіне атсалысып жүрген жазушылардың бір талайы жөнінде-ақ айтуға болар еді. Сапасыз аудармалардың тууының, жақсы деген кейбір аудармалардың өзінің түпнұсқадан көп төмен жатуының сыры неде?

Аудармашы әрі аударматанушы қаламгер Г.Бельгер осы құбылыс туралы өзінің “Аударма жауапкершілігі” деген мақаласында былай дейді: «Қазақ әдебиеті үлгілерін орыс тіліне аударудағы ең басты кемістік - түпнұсқаның жайдақталып кетуінде. Аудармашы шығарма авторының ойын түсінбеуі мүмкін, сол шығарма жазылып отырған тілді білмеуі, не шалағай білуі мүмкін, тіпті болмаса өз ісіне салдыр-салақ қарауы да мүмкін.

Осының нәтижесінде мақтаулы тәуір деп жүрген шығармаларымыздың өзі сұрғылт, ортақол туынды болып шыға келеді.

Жайдақтап аударушы қашан да өз ісіне жауапсыз қарайды, түпнұсқаның бар көркін сақтауға тырыспайды, “бас қатырып” қиналып жатпай жекелеген үзінділердің жалпы мағынасын ғана сақтап, өз қалауынша төтелеп тарта береді. Кейде тіпті аудармашының түпнұсқаға сай сапалы тәржіма жасауға қабілеті жетпеуі мүмкін. Бұл әдіс ең алдымен тілі нәрлі, өзіндік қолтаңбасы бар көрнекті жазушылардың шығармаларының жұты» [1,4].

Аудармашы қаламгердің бұл ойларымен толық келісуге болады. Себебі, расында да, қазақ ақындарын орыс тіліне аударуда көбіне науқаншылдық, асығыстық, “жайдақтату” болғаны қазір құпия емес. Дегенмен де, кейбір оңды талпыныстар мен жақсы нәтижелер де жоқ емес. Осы ретте Ілияс ақын өлеңдерінің орыс тіліне аударылу жайын қарастырсақ, кемшіліктермен қатар жетістіктерді де көріп, көңіл жұбанады.

Қазақ поэзиясының алтын қорына енетін Құлагер ақынның өлеңдерін сол таза төлтума қалпында орысша сөйлету үшін аудармашының өзі де ақын немесе көркем әдебиет аудармасына төселген, тәжірибелі болуы керек. Жазушылық талант, аудармашылық мәдениет, қазақ халқының тарихын, тұрмыс салтын, мінез-құлық ерекшеліктерін жақсы білуі – міне, осы қасиеттердің бәрін бойына жинақтаған адамның өзінің тіл өнерін жете меңгерген сөз зергерлерінің шығармаларын орыс тіліне бар бояу, бар нақыс, көркемдігін сақтай отыра аударып шығуы екіталай.

Өйткені Абай, М.Әуезов, І.Жансүгіров, Ғ.Мүсірепов сынды жазушыларды орыс тілінде сөйлету үшін ең алдымен қазақ тілінде жетік білу, оның рухын, көркін, сырын, әуенін жете ұғу қажет.

Әсіресе, І.Жансүгіровтей шебер ақынның таза ұлттық сипаттағы үздік өлеңдерін, поэмаларын орыс оқырманыны да тамсанарлықтай лайықты аудару өте қиын іс болса керек. Дегенмен де, ақын өлеңдері орыс тіліне біршама тәуір дәрежеде аударылған деуге болады. Алдымен ақын өлеңдерінің орыс тіліне аударылу тарихына тоқталсақ, ақын өлеңдерінің тәржімашылары шығармашылық таланты бар, білімді жандар болғанын көреміз.

Қазақ поэзиясының құлагері – Ілияс Жансүгіровтің поэтикалық шығармаларын аудару жұмысымен ең алғаш өткен ғасырдың басында Вс.Рожественский, З.Кедрина, Дм.Снегин, П.Кузнецов айналыса бастады. 1937 жылы ақын ұсталып, 1938 жылы трагедиялық қазасынан соң жиырма жыл бойы оның есімі аталмай келді. Жиырма жылдан соң ақын өлеңдерін аудару ісі қайта жанданды. 1957 жылы жарық көрген алғашқы тәржіма жинағындағы өлеңдерді Е.Евтушенко, М.Луконин, Е.Виноградов, К.Алтайский, В.Соколов, Т.Стрешнева, Ю.Полухин, А.Кафановтар аударды. Жолма-жол аудармасын Азат Сүлеев жасаған. Осы тұста жолма-жол аудармашының үлкен еңбегін де атап кеткен жөн. Жалпы жолма-жол аударманың көркемдік жүгі төмен болғанымен, түпнұсқаның мазмұнын дәл беруде ролі зор деп санаймыз.

І.Жансүгіров атындағы қордың қолдауымен ақынның өлеңдері мен поэмаларының аудармалары екінші рет қайта басылып шықты. (Джансугуров И. Стихи. Поэмы. Сост. И.И. Джандосова-Джансугурова. Алматы, 2001).

Бұл жинақта ақынның 23 өлеңі, 4 поэмасы енген. Өлеңдерін негізінен В.Савельев, сондай-ақ В.Смирнов, Ю.Полухин, К.Алтайский, Е.Евтушенко, В.Соколов, Д.Алдабергеновалар аударған. “Күй” (“Кюй”) поэмасын В.Соколов, “Күйшіні” (“Кюйши”) автормен бірлесе отырып Вс.Рожественский, “Құлагер” (“Кулагер”) дастаныны М.Луконин және Е.Виноградов, аяқталмаған “Құрманғазы” (“Курмангазы”) В. Савельев аударды.

Ілияс ақын орыс поэзиясымен ерте кезден-ақ тығыз байланысты болған. Ақынның Пушкинді, М.Лермонтовты, Некрасовты аударғаны белгілі. Бұл туралы көрнекті орыс ақыны, аудармашы Вс.Рожественский “Қазақ даласы мен тауларының ақыны” (“Поэт казахских степей и гор”) атты мақаласында былай деп жазады:

“Ильяс Джансугуров не только поэт яркого и своеобразного дарования, он и общественный деятель широкого масштаба, занимавший ряд видных государственных постов в своей республике.

Хорошо владея русским языком, он обладал и глубокими познаниями в области русской классической и современной литературы.

Я познакомился с ним, когда он приехал в Ленинград после Первого съезда советских писателей, где был делегатом от Казахстана и выступал как представитель своего народа.

Наша первая беседа была интересной и содержательной. Происходила она в номере гостиницы “Астория”, в довольно пасмурный день, и мне запомнился на фоне широкого окна, выходившего на Исаакиевскую площадь, силуэт плотно сложенного, широкоплечего

человека в несколько даже величественной позе. Но когда он повернулся к свету, лицо его показалось приветливым и добродушным. Был он смугл и черноволос, а глаза смотрели умно и пытливо. Завязался непринужденный разговор, Ильяс говорил о том, как он был у Горького, и как Алексей Максимович расспрашивал его о казахских писателях, о первых книгах, выпущенных на их родном языке.

Потом разговор перешел на Ленинград, и тут выяснилось, что Джансугуров приехал договариваться о поездке ленинградских писателей в Казахстан: Ленинград недавно взял индустриальное и культурное шефство над этой республикой.” [2, 9].

Бұл сөздерден автор мен тәржімашы арасында шығармашылық байланыс, терен түсіністік болғанын көреміз, бұның тәржімалау ісіне де пайдасы мол.

Түпнұсқа мен тәржіма мәтінді қатар келтіруге мақала көлемі көтермейтіндіктен, Ілияс ақынның кейбір өлеңдерінің тәржімасына шолу жасап өтеміз. Мәселен, “Тималай” атты өлеңін орыстың талантты ақыны Евгений Евтушенко аударған. Өлеңнің композициялық тұтастығы сақталған. Кейбір көркемдік құралдар, бейнелі сөздерді аудармашы дәл беруге тырысқан. Евгений Евтушенко орыс поэзиясының көрнекті өкілі ретінде Ілияс ақынның көркемдік әлемін ұғына біліп, барынша ықыласпен аударған.

Мысалы “Аспанның төсін арда еміп” деген жолды “Вершины сосали грудь небес” деп дәл, әрі көркем етіп берген. Өлеңнің пафосын да барынша сақтауға ұмтылып, тілдік құралдарды таңдағанда барынша жігерлі, отты сөздерді алған. Дегенмен де, Ілияс ақынға тән “күңіреніп, тебіреніп, тулап” тәрізді эмоционалдық-экспрессивті сөздерді кей жерде аудармай тастап кеткен. “Ағынды менің Ақсуым” атты өлеңін орыс ақыны Вл.Савельев тәржімалаған.

Ағынды менің Ақсуым,

Ақырып әлі ағасың.

Ақиланған ашумен.

Ақтарды асқар сабасын “

деген шумақ тәржімада:

Через преграды, через годы,

Являя дикую красу,

Несешь ты вспененные воды,

Неукротимая Аксу.

Шумақтың ырғағы мен екпіні сақталғанымен, көркемдік бояуы мен мағынасы тұрғысынан адекватты емес. “Жанартау” өлеңін Ю.Полухин “Вулкан” деп тәржімалаған.

Зәулім-зәулім заңғар тау,

Шығыс-батыс шегінде,

Лапылдақ жалын, іші қау.

От ойнақшыл тегінде деп келетін Ілияс ақынның ойнақы жолдарын орыс ақыны:

Вулкан проснулся.

На мгновенье

Над степью белый свет померк,

И раскаленные каменья.

Рванулись вверх, как фейерверк”

Деп барынша жеңіл, шапшаң екпінмен аударуға тырысқан. Ілияс ақынның “ойнақшыл от” деген әсерлі, әдемі тіркесін “фейерверк” деген шет тілі сөзімен бергені онша ұтымды емес. «Фейерверк» қолдан жасалған жасанды образ болып шыққан.

Жалпы, Ілияс ақын өлең тәржімасы мәселесіне ерекше мән беріп, тәржімашылармен шығармашылық байланыста болған. Ақын өлеңдерінің тәржімашысы Зоя Кедрина бұл жөнінде “Достық дәстүрі” деген естелігінде былай дейді: “Ол қазақ өлеңдерін орыс тіліне аудару жайына айырықша қамқорлықпен, биік талап тұрғысынан қарады, орысшаның мейлінше дәл, түпнұсқаға мейлінше жақын, сонымен қатар төгіліп тұрған еркін жыр, орыстың поэтикалық төл туындысындай әсерлі болуын қадағалады.

Ілиястың “Дала” поэмасын аудару мен үшін қазақ әдебиеті мектебінен өтумен бірдей болды, өйткені Ілияс аудармашыдан дәлдікті ғана талап етіп қоймайтын, ол ерінбей, жалықпай қолма – қол көмектесіп, түсіндіріп, әр сөзінді сын елегінен өткізіп, үнемі ақыл беріп отыратын” [2, 11]. Әсіресе, көркем аудармада шығарманың көркемдік, тілдік нақтылы ерекшеліктерін зерттегенде, ұсақ, көзге түсе бермейтін сипат белгілерге зер салғанда ғана, көркем шығарманың бойындағы, құрылыс-бітіміндегі зор мәні бар қасиеттерін айқынырақ бағдарлауға ұмтылу қажеттілігі белгілі болды. Сонда ғана аударма адамзаттың рухани дамуының күшті құралына айналмақ. Бұдан шығар қорытынды, І. Жансүгіров аудармашы тек тілді біліп қана емес, сол халықтың тарихы мен мәдениетін, өмірге деген көзқарасын, эстетикалық талғамын терең түсініп, жүрегімен сезінуі қажет екендігін сол кезде-ақ ұғынып, ерекше мән берген. Ақынның осы тектес ой тұжырымдары бүгінгі таңда аудармамен айналысушылардың ұстанатын басты қағидасы, әдебиет алдындағы қасиетті парызы болып табылмақ.

Суреткердің басқа туындыларының аударылу деңгейі туралы кеңінен сөз қозғау болашақтың ісі. Көрнекті жазушының барлық шығармаларын өз үнімен, өз бояуымен, өзіне тән көрік-келбетімен жеткізе білу – көркем аударманың алдында тұрған үлкен мәселе.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Бельгер Г. Аударма жауапкершілігі. Қазақ әдебиеті, 1967 жыл, 14 сәуір

2 Джансугуров И. Стихи и поэмы. Пер.с каз. – Алматы, 2001.

В настоящей статье рассматриваются вопросы перевода стихотворений известного казахского поэта Ильяса Жансугурова на русский язык. Анализированы переводы стихотворений "Гималай", "Мой Аксу" на русском языке. На примере оригинала и переводного текста дается сравнительный анализ и оценка качества перевода. Также сделан обзор истории перевода произведения И.Жансугурова, названы имена переводчиков. Приведены мнения известных переводчиков о переводческом и поэтическом таланте самого автора. Таким образом, авторы анализируют принципы поэта относительно художественного перевода.

The issues of translation of poems of Ilyas Zhansugurov, known Kazakh poet, into Russian, are considered in this article. Translations of poems - Himalayas ("Гималай"), My Aksu ("Мой Аксу") in Russian are analyzed. Comparative analysis and assessment of quality of the translation is provided based on original and translated text. In addition, a review of the history of translation of I.Zhansugurov's work is carried out, translator's names are mentioned. Opinions of famous translators on translation and poetic talent of the author are specified. Thus, the authors analyze poet's principles regarding the literary translation.

ӘОЖ812.512.122.09

Г.Т. Оспанова
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Maryama70@mail.ru

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ АУДАРМАЛАРЫН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Мақалада Ыбырай Алтынсариннің аудармашылық қызметі сарапталады. Автор қоғам үшін білім беру саласының маңыздылығын білдіреді. Мақалада білім беру сапасы мен қоғам мәдениетінің тығыз байланысы көрсетіледі. Сонымен бірге салыстырмалы аспектіде И.А.Крылов пен Ы.Алтынсариннің әңгімелері қарастырылған.